

"Мемлекет басшысының 2011 жылғы 28 қаңтардағы "Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 ақпандағы № 126 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Мемлекет басшысының 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Мемлекет басшысының 2011 жылғы 28 қаңтардағы

"Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!" атты

Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Мемлекет басшысының 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жалпыұлттық жоспар) б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауының ережелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүйелі негізде жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша 25 қаңтарға және 25 шілдеге Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Жалпыұлттық жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұ с ы н с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да

мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

« _ _ »

№

_ _

Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Мемлекет басшысының 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспары

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1. Жеделдетілген экономикалық жаңғырту - Үдемелі инновациялық индустрияландыру бағдарламасының жалғасы				
1.	«Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қазандағы № 1052 қаулысына еңбек өнімділігін арттыру, мал шаруашылығы саласын, жемазық өндірісін дамыту және еттің экспорттық әлеуетін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Үкімет қаулысы	АШМ, ИЖТМ, ЭДСМ, Қаржымині, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	2011 жылғы шілде
2.	«Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспарын әзірлеу	Үкімет қаулысы	АШМ, ЖРА, ЭДСМ, Қаржымині, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	2011 жылғы шілде
3.	Қазақстан Республикасының энергия тиімділігін арттырудың кешенді жоспарын әзірлеу және бекіту	Үкімет қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, Қаржымині, Қоршағанортамині, ҚжТКШИА, ТМРА, СА, «Самурық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2011 жылғы шілде
4.		Үкімет қаулысы	ЭДСМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана	

	«Өңірлерді дамыту» бағдарламасын әзірлеу және бекіту		және Алматы қалаларының әкімдері	2011 жылғы шілде
2. Әлеуметтік жаңғырту - жаңа әлеуметтік саясат				
2.1. Білім беру				
5.	Жоғары оқу орындарының инновациялық қызметке көшуін қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ	2011-2013 жылдар желтоқсан
6.	2015 жылға қарай республикалық бюджет қаражаты есебінен 200 мектеп және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен 200 мектеп салу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, Қаржымині, ЭДСМ, ҚЖТҚШПА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2011-2015 жылдар наурыз
7.	Бизнес-қауымдастықтар мен жұмыс берушілер өкілдерінің қатысуымен Кәсіптік-техникалық кадрлар даярлау жөнінде ұлттық кеңес құру	Үкімет қаулысы	БҒМ, ИЖТМ, КҚМ, МҒМ, АШМ, ТСМ, ұлттық компаниялар, «Атамекен» Одағы» ҰЭӨП, бизнес-қауымдастықтар мен жұмыс берушілер өкілдері, қызметкерлердің кәсіподақ бірлестіктері	2011 жылғы наурыз
2.2. Денсаулық сақтау				
8.	«Денсаулық» бір қосымша емдеу-диагностикалық поезын қалыптастыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	КҚМ, ТЖМ, ДСМ	2011 жылғы желтоқсан
9.	2015 жылға қарай 350 дәрігерлік амбулатория, фельдшерлік-акушерлік пункт және емхана салу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ДСМ, Қаржымині, ЭДСМ, ҚЖТҚШПА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2011-2015 жылдар желтоқсан
2.3. Жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясы				
10.	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын әзірлеу және бекіту	Үкімет қаулысы	Еңбекмині, Қаржымині, ЭДСМ, АШМ, ИЖТМ, Әділетмині, ҚЖТҚШПА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2011 жылғы 1 мамыр
11.	Дәлелді төлемді енгізуді ескере отырып, әлеуметтік көмек жүйесін жетілдіруді көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Еңбекмині, ЭДСМ, Қаржымині, Әділетмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2011 жылғы маусым
			Қаржымині, ҚНРА, АШМ, ЭДСМ, Әділетмині,	

12.	Микрокредиттеу құралдарына және оны жүзеге асыру тетіктеріне қол жеткізуді кеңейту мәселелері бойынша заңнамалық базаны жетілдіру	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, мүдделі мемлекеттік органдар	2011 жылғы сәуір
13.	Микрокредиттеу құралдарына қол жеткізуді кеңейтуге бағытталған шаралар кешенін қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Қаржымині, ҚНРА, АШМ, ИЖТМ, ЭДСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, «КазАгро» ҰБХ» АҚ, «ДАМУ» ҚДҚ» АҚ	2011 жылғы қараша
2.4. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту				
14.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту бағдарламасын әзірлеу және бекіту	Үкімет қаулысы	ҚжТКШИА, ТМРА облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2011 жылғы сәуір
15.	Жинақтауды ынталандыру және халық пен жеке инвесторлардың тұрғын үйлер мен коммуналдық объектілерді жөндеуді және қайта жаңартуды қоса қаржыландыру тетігін енгізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ҚжТКШИА, Қаржымині	2012 жылғы ақпан
2.5. Сапалы ауыз су				
16.	Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлеу және бекіту	Үкімет қаулысы	ЭДСМ, ҚжТКШИА, А Ш М , Қоршағанортамині, Қаржымині, ИЖТМ, ТМРА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2011 жылғы мамыр
3. Сыртқы саясат				
17.	Қырғызстанға көмек көрсетудің мемлекетаралық бағдарламасын әзірлеу және қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2012 жылғы қаңтар
18.	ШЫҰ-ның мерейтойлық саммитін дайындау және өткізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	СІМ	2011 жылғы маусым
19.	Жаһандық ядролық қауіпсіздік саласындағы көшбасшылықты қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	СІМ, ИЖТМ, мүдделі мемлекеттік органдар	жыл қорытындылары бойынша
20.	Ислам Конференциясы Ұйымына төрағалықты дайындау және іске асыру	Президент Әкімшілігіне, Премьер-Министр Кеңесіне ақпарат	СІМ, БҒМ, ИЖТМ, АШМ, ДСМ	жыл қорытындылары бойынша
21.	Алматыдағы Ауғанстан бойынша арнайы донорлық конференцияға бастамашылық жасау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2011 жылғы мамыр
22.	«Қазақстан - ЕО: 2020» Энергетикалық хартия жасау туралы ұсынысты ЕО елдерімен бірге пысықтау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	МҒМ, ИЖТМ, СІМ, Қоршағанортамині, мүдделі мемлекеттік органдар	2012 жылғы қаңтар

4. Ақпараттық-насихаттау жұмысын қамтамасыз ету

23.	Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығын мерекелеу жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын іске асыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ММ, БАМ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2011 жылғы шілде, 2012 жылғы қаңтар
-----	--	--------------------------------	--	-------------------------------------

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

ММ - Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Қаржы министрлігі

ЭДСМ - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі

МГМ - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі

Әділет министрлігі

БАМ - Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі

ЖРА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі

ҚжТКШИА - Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі

ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

ҚНРА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы

«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ - «Самұрық-Қазына» ҰБХ» АҚ - «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

«Даму» КДҚ» АҚ - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы

«Атамекен» Одағы» ҚҰЭП - «Атамекен» Одағы» Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы

Мүдделі мемлекеттік органдар - жобаларды әзірлеу барысында тартылатын орталық мемлекеттік органдар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК